

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 8 маусымдағы
№ 229 бұйрығымен бекітілген

**"Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға
кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап – 23 (жиырма үш) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан көп емес;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан көп емес.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру нысаны - қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жұмыс органы тиісті төлем шоттарды қазынашылық органдарыға жібергені туралы жазбаша хабарлама, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен субсидиялау объектісінің тұрған орны бойынша көрсетіледі, электрондық кезекті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы "брондауға" болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жүгінген кезде, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтініш (бұдан әрі – өтініш);

3) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кестесі қоса берілген, қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалған қарыз шартының қаржы институты куәландырған көшірмесі;

4) қағаз түріндегі және редакцияланатын электрондық форматтағы сыйақы мөлшерлемелерінің субсидияланатын/ немесе субсидияланбайтын бөлігіндегі есептемелері қоса берілген жаңартылған өтеу кестесінің жобасы;

5) кредит алғаны туралы қарыз алушының несиелік шотынан үзінді-көшірмелер (екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе қарыздың аударылғанын растайтын құжат;

б) қарыз алушының субсидиялау бағдарламасына қатысуы туралы қызмет көрсетуші банктің келісім хаты (қарыз алушы өтініш берген кезде).

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері және көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты (не сенімхат бойынша оның өкілінің, заңды тұлғаның – өкілеттілігін растайтын құжат) көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның сұранымы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында белгіленген талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14815 болып тіркелген) сәйкес келмеуі.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация басшысының атына не Министрлік басшысының атына жұмыс күндері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), почталық мекенжайы, байланыс телефоны (бар болса);

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, почталық мекенжайы, байланыс телефоны, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, оның тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) растайды. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті алушының өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почтамен, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Тыныс-тіршілігін шектейтін, ағза функциясының тұрақты бұзылуынан денсаулығы нашарлаған көрсетілетін қызметті алушылар үшін, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінгенде тұрғылықты жеріне шыға отырып, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері бар стенділермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандусы бар кіреберіспен жабдықталған.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Мемлекеттік корпорацияның – www.gov4c.kz интернет-ресурсында;
- 2) Көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 3) Министрліктің www.mgov.kz интернет-ресурсында.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.mgov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

	"Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша
	Нысан

Субсидия алуға өтінімді қарастыру нәтижелері туралы

20 __ жылғы " __ " _____ № ____ хабарлама

Көрсетілетін қызметті алушы

тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)
Жүгінудің мақсаты

субсидияланатын бағыт
Өтініш берген күні 20 __ жылғы " ____ "

Комиссияның шешімі: _____

облысы/қаласы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

	"Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша
	Нысан

Субсидиялауға арналған өтініш

Қаржы институты: _____

(қаржы институтының атауы)

Қарыз алушы: _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын
құжатта бар болған жағдайда) немесе заңы тұлғаның толық
атауы)

Кімге: _____
(жұмыс органның атауы)

1. Қатысушы туралы мәліметтер*

1	Қарыз алушының атауы
2	Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
3	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік** немесе анықтама (БСН***, тіркеу нөмірі, тіркеу күні, атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу күні, кім берді)
4	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын куәландыратын құжат нөмірі, ЖСН***, кім берді, берілген күні)
5	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызметтің түрі
6	Заңды мекенжайы
7	Нақты мекенжайы
8	Банк деректемелері
9	Байланыс телефондары
10	Осы өтініште көрсетілген кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша бұрын алынған субсидиялар туралы мәлімет (бар болса): шарт № және күні, қарыз сомасы, қаржы институтының атауы, бюджеттік бағдарламаның атауы
11	Банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензия туралы мәлімет (бар болса): лицензияның № және күні, кім берді

Ескертпе:

* осы өтінішті ауыл шаруашылы тауарын өндірушілерге субсидия алуға ауыл шаруашылығы кооперативтері берген жағдайда, жоғарыда баяндалған кестенің 1-9 жолдарында көрсетілген мәліметтер, ауыл шаруашылығы кооперативнің субсидия тиесілі әр мүшесіне толтырылады;

** "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін қолданыста болады;

*** аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

2. Субсидиялауға жататын қарыз беру шарттары (бұдан әрі – ҚШ) туралы ақпарат

№	ҚШ (№ және күні)	Сомасы, теңге	Сыйақы мөлшерлемесі, %	Субсидиялау күніне негізгі борыш бойынша берешек қалдығы, теңге	ҚШ қолданыс мерзімі аяқталған күн	Қарыз валютасы
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						

№	Қарыз мақсаты	Қарыз нысанасы, саны
	8	9
1		
2		
3		

Осымен:

- 1) қарыз шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде қолдау көрсетілмейтіні;
- 2) қаржылық берешегін және жеделдетілген сауықтыру рәсімін қайта құрылымдау жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатылмағаны;
- 3) қарыз шарты республикалық бюджет және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаты есебінен қаржыландырылмағаны расталады.
- 4) қарыз шартының нысаналы мақсаты айналым қаражатын толықтыру, сондай-ақ айналым қаражатын толтыруға арналған қарызға алынған қаражаттың мерзімінен бұрын толық немесе жартылай өтелімі болып табылады;
- 5) қарыз алушы айналым қаражатын толықтыруға алғашқы қарыз беру шартының көшірмесін ұсынды (егер қарыз шартының мақсаты бұрын қарызға алынған қаражатты мерзімінен бұрын толық немесе жартылай өтеу болған жағдайда ұсынылады);
- 6) ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қарыз алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы

_____ (мөр орны (бар болса))

Қаржы институты басшысының немесе оның орнын басатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда) және қолы

(мөр орны (бар болса))

Қаржы институтының Өтініш берген күні 20__ жылғы "____" _____ .

Жұмыс органның Өтінішті қабылдаған күні 20__ жылғы "____" _____ .

Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және

телефон

нөмірі _____

	"Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша
	Нысан

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

не көрсетілетін қызметті алушы

ұйымының атауы

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан

Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, _____

облыс/қаласы бойынша _____ (мекенжайын көрсету қажет) орналасқан ""Азаматтарға

арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

филиалы - "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің №____ бөлімі "Ауыл

шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру,

сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметін

көрсетуге арналған құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға

байланысты бас тартады, атап айтқанда:

1) _____;

2) _____;

Осы қолхат, әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(қызмет берушінің жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

қолы)

Орындаушы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Телефоны _____

Алдым: _____

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

қолы)

20__ жылғы "____" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ
РМҚ